

**Софы СМАТАЕВ**

*Қазақстанның Халық жазушысы*

# КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГіНЕН

Өз ойының биігінен тереңдеп үңілмей, төмендегі оз бойының салмағымен - ақ басып ала қоям деп кітап жазу - өлермендік қана.

* * *

Кей-кейде кейбір кітаптарымды оқып отырып, кейбір кейіпкерлерімнің өз бейнемді, өз іс-әрекетімді айнытпай қайталайтынын танып қалып, таңырқайтыным бар. Өйткені сол бейнелерді жазып отырғанда, өз көлеңкемнің суретін ой-бойларына қондырайыншы деген ниетке де, тілекке де жармасқан емеспін. Ал бірақ... қалам ба, қағаз ба, өзім бе - кінәліні анықтау оңай емес.

* * *

Өткен заманның алып тұлғаларын өзінің әлсіз шығармаларына арқау еткен авторлардың бүгінгі шуылдатқан атағы мен асыптасқан несібесі ертеңгі күннің тазалыққа бөккен есінен мүлде құралақан қаларын ойламайтындары бекершілік.

* * *

Авторының адал не арам екенін анықтап беретін кітабы ғана дейтін ұғымды есіне тұтса, арам пиғылдардың адалдығы арта түсер ме еді, қайтер еді?..

* * *

Қаламның қарғысы да - ғаламат, алғысы да - керемет. Қарғысына ұшырағанның қарабетін ғасырлар топансуы да ағарта алмайды. Алғысына бөленгеннің атақ-даңқы ғасырлардың түкпір-түкпіріне дүбірлетіп жетеді.

* * *

Сынау үшін де сыналушының деңгейіне жету керек. Әйтпесе төменде жүріп, төбедегінің етегіне жармасып, не етігін шешіп алып, өзінің де, өзгенің де шат-шәлекейін шығаруы әбден мүмкін.

* * *

Тарихи шығарма жазу - өткенді бүгінгінің көзімен көру ғана емес, бүгінді өткен күндердің алыстап қалған тірлік, тұрмысына жетелеп жеткізуі.

* * *

Тыныштықты дүр сілкінтетін ақынның сезімі тірлігің түгіл, ақылыңды да түртіп оятып кететіні де бар-ау.

* * *

Кітап оқу да кейбіреулер үшін қамал бұзудан да артық қиямет көрінуі мүмкін. Дегенмен де кітап беттерін тосырқамай аша біліп, қатпар-қатпарын аралай алған оқырманның жеңілері жоқ, керісінше, жеңері көп.

* **

«Кібіртіктемей жазғаныңды кібіртіктеп оқитын оқырманың табылса, қаламыңның құр жүйтки беруіне күдікпен қарап, кідірісінді молайтуға тырысқаның абзал» дейді менің бір түйсігім.

* * *

Білімнің тереңіне бойламай, бетінде қалқысаң, көбігімен қақалып-шашалып улап-шулап бітесің. Тұңғиығына сүңгісең - түбіндегі маржанын теріп, асылын алып, өмірден аунап-қунап өтесің.

* * *

Шуылдақ пенденің дуылдақ даурықпасынан дауыл тұрғандай-ау. Бірақ сол көпірменің көбігін сылып тастасаң, самалдай да боп есетін сананың сөзін таба алмайтының бар-ау.

* * *

Әкенің тәлімін, шешенің тәрбиесін һәм тіршілігінің тәжірибесін дұрыстап сіңіре білген жан ұрысқақтар мен тырысқақтардың аулынан өзін аулақ ұстайды.

* * *

Алғашқы уыз іңгәңмен басталған ғұмырыңның білімділігі мен біліктілігін соңғы ақтық деміңді ытқытқанша күн сайын еселей түсуден жалықпасаң, жаныңнын жарығы өзгелерге де түседі.

***(Жалғасы бар)***

Қазақ әдебиеті. - 2025. - 21 ақпан (№7). - 20 б.